

Филология факультеті
Қазақ филологиясы кафедрасы

6B011700 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы
Пәннің атауы: Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиеті

Дәріс оқитын:
Философия докторы (PhD)
А.А.Ақбулатов

Орал, 2022 ж.

Курстың мақсаты:

Қазіргі жаңа заман әдебиетінің даму-бағыттарын айқындау;

Ұлттық сөз өнеріндегі проза жанрының ізденістері мен іркілістеріне, жанрдың жүйесіне, көркемдік жаңашылдық ізденістеріне зер салу;

Жаңа заман қазақ әдебиетінің даму бағыт-бағдарын қаламгерлердің танымал туындылары, сондай-ақ өзіндік көркемдік ізденістері бар, әдеби айналымға енбеген жас қаламгерлердің шығармалары негізінде қарастырылып, тақырыптық, мазмұн мен пішіндік ізденістер, көркемдік қырларына, тілдік, стильдік табиғатына кешенді түрде көңіл бөлу;

Жаңа замандағы роман жанрының даму бағдарын кеше және бүгінгі әдеби байланыс арқылы негіздеп, қазақ прозасының дамуын айқындауда бүгінгі роман жанрының мүмкіндіктерін, ондағы классикалық дәстүр мен жаңашылдықты, көркемдік таным және тарих, әлеуметтік қоғамдық мәселелер, соны көзқарастар легіне үңілу.

Курстың міндеттері:

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиетінің дамуындағы роман жанрының бағыт-бағдарын, ізденіс арналарын саралау;

Қазақ прозасының даму бағыттарын айқындау арқылы ондағы ізденіс, тақырып, мазмұн мен пішін, көркемдік, әдеби байланыс мәселелеріне саралау;

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиетін оқыту арқылы бүгінгі қазақ прозасының даму үдерісіне, әдеби процеске зер салу;

Тәуелсіздіктен кейінгі ұлт әдебиетіндегі өмір мұраттарын, адамның ішкі, сыртқы болмысы мен әлемін, басты тақырыптар мен жаңа есімдер мен соны туындылар табиғатын ашу, танып-талдау, таразылау.

№1 дәрістің тақырыбы: Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиеті пәніне кіріспе

Мақсаты: Пәнге жалпы мазмұндық сипатына шолу, негізгі ұғым түсініктерге тоқталу.

Әдеби үдеріс үздіксіз жүріп отыратындықтан, тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиетінің жаңа туындыларын саралау, түйсіну, олардың жалпы әдебиет тарихындағы орнын бағамдау жоғары филологиялық білім берудегі ерекше мәселелердің бірі деп саналады. дамытуға үлес қосу бұл еңбектің өзектілігін танытады.

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиеттің даму тенденциясы, яғни прозаның эстетикалық және поэтикалық аспектілері, сондай-ақ Қазақстанның егемендікке қол жеткізуімен байланысты, танымдық тұрғыдан жаңаша көзқарастар, парадигмалардың пайда болуы, көркем образ, жеке тұлға мәселесіндегі жаңаша түсініктер, көркем шығарманы тудырудағы автордың бірегей болмысы, әдебиеттегі типтендіруге жаңаша көзқарас, жаһандану дәуіріндегі субъекті мәселесінің дағдарысы және жаңа қоғамдық ортадағы адамның өмір сүруі т.б. мәселелердің романдағы көркемдік ізденіс арналары және оны кәсіби білім беру жүйесінде оқытудың ғылыми-педагогикалық аспектілері курстың пәндік негізін анықтайды.

Уақыт талабына сай, адам өмірі мен мұраттарына орай өзгерген заманауи тақырыптарды арқалаған романдардың дүниеге келуі де заңдылық. Пән бағдарламасы қазіргі қазақ әдеби үрдісіндегі романдардың бәрін қамтуды мақсат етпейді, қадау-қадау романдарды талдау нысаны ретінде ғана ала отырып, сол туындыларын теориялық талдау мәселелеріне, болашақ маман ретінде студенттердің кәсіби тұлғалық сапалары, оқытудың әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатын көздейді. Оқу бағдарламасы аталған романдардың құрылымдық жүйесіне, мазмұн мен пішіндік өлшеміне жаңаша ғылыми теориялық пайым негізінде оқытуды басшылықта ұстайды.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

- 1.Әдебиеттану ғылымының әдебиет теориясы, әдебиеттің тарихы, әдебиет сыны салаларының зерттеу нысаны тоқталыңыз?*
- 2.Әдебиет тарихын дәуірлеуде тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиеті деп оқытудағы мақсат пен міндеті?*
- 3.Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиеттің даму тенденциялары, жалпы бағыттарына зер салыңыз?*

№2 дәрістің тақырыбы: Қазіргі қазақ роман жанрының әдеби-теориялық зерттелу сипаты.

Мақсаты: Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиетіндегі күрделі жанр романдардың зерттелу барысын зерттеу.

Роман жанры теориясына қатысты ғылыми зерттеу еңбектер роман поэтикасын ашуда, жаңа заман романдарының көркемдік эстетикалық құндылығын саралауда басшылыққа алынады. Бұл бағытта жаңаша ғылыми тұжырымдар негізінде жазылған Ж. Дәдебаев, Г. Пралиева, Б. Майтанов, А.Исмақова, т.б ғалымдардың еңбектерінің маңызы зор.

Қазақ әдебиеттануында Ә.Қодар, Д.Амантай, В.Бадиков, В.Савельева, А.Жетпісбаева, Қ.Рүстемова, С.Әбішева, Л.Сафронова, А.Темірболат, А.Ишанова сияқты т.б. ғалымдар ұлттық филология үшін тың әдіснамалық жүйе-дәстүрлер қалыптастыруға ат салысқанын атамай кету қате. Бұл аталған ғалымдар қазақ әдебиетін жаңаша талдауға ұмытылған әдіснаманы қалыптастырды, атап айтсақ, В.Савельева орыс тілді ғалым болса да, «Көркем текст және көркемдік әлем», «Көркемдік антропология» кітаптарында әдебиет туындыларының ішкі, тысқы құрылымын, рухани өмір заңдылықтарын қарастыруда жаңа ұстанымдарға сүйенеді. Ал, көркемдік мекен-шақ туралы А. Темірболат, жанр типологиясы туралы С. Алтыбаеваның, автор, уақыт пен кеңістік жайлы В.Бадиков, С.Ананьеваның, архетип туралы Е.Кулудованың, романтизм туралы Қ.Жанұзақованың, А.Қалиева т.б еңбектерінің теориялық және практикалық тұрғыдан маңызын атап өткен орынды.

Л.Сафронованың «Қазақстандағы постмодернистік әдебиет және қазіргі әдебиеттану» атты монографиялық еңбегінде автор, кейіпкер және постмодернизм мәселесі туралы терең талдау жасалып, қазақ авторларынан Х.Әдібаев, А.Жақсылықов, Д.Амантай сынды модернистік және постмодернистік әдебиет өкілдерінің шығармалары негізінде көркем мәтіннің жанрылық табиғаты, «автор-кейіпкер-оқырман» арасындағы коммуникативтік, қазіргі образ мәселелері сынды әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері жан-жақты талданады.

XXI ғасыр роман жанры теориясын зерттеуде Б.Майтановтың соңғы жылдары жазған ғылыми еңбектерінде жалпы поэтика мәселелелерін әлемдік контексте қарап, жаһандық құбылыстар мен ұлттық әдебиеттер арасындағы ортақ тенденциялар, модернизм мен постмодернизм туралы тұжырымдарды қозғауы қазақ әдебиетінде жаңаша сөйлеуге ұмтылған прозадағы мәтіндік құбылыстардың тәжірибелерде жүзеге асуын ескеріп отыруы болатын.

Ғалым қазақ әдебиеті проза жанрындағы жаңашылдықты көркемдік әдістер мен әдеби ағымдардың бір-біріне ықпал етуінен, әдеби үрдістегі модернизм мен постмодернизмді сабақтастыра қарайды. Аталған ағымдардың қазақ әдебиетінде тамыр жаяуын өткен ғасырдың әдебиетінен іздеуге тырысады.

Сондықтан Б.Майтановтың прозаны жаңаша әлемдік рухани-мәдени үрдіспен тығыз бірлікте зерттеуге ұмтылған еңбектері бүгін әдебиеттану ғылымының әдіснамасы үшін маңызды тың теориялық еңбек болып табылады.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеті даму үстінде болғандықтан оның әрбір аяқталған он жылдығы жеке зерттеле бастады. Алғашқы он жылдығы 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектің 10 томында зерттелсе, екінші он жылдығы «XXI ғасыр әдебиеті» деп аталатын зерттеуде қарастырылған болатын.

Қазіргі әдеби процесс түбегейлі зерттелмесе де, постмодернистік мәдени құбылысқа мән беріп, оның ұлттық әдебиеттің дамуына тигізген әсерін, бүгінгі әлемдік әдеби даму үрдісінің тұтастығында қарастыруға ден қою байқалады. Бұл бағытта І.Ісмақова, Б.Майтанов, А. Жақсылықов, Д.Ысқақов т.б ғылыми еңбектерінің маңызы зор. Жоғарыда аталған ғылыми еңбектердің бәрінде де авторлар қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи-әдеби үрдісіне тәуелсіздік көзқарасы айқын, кешегі идеологиялық таптаурын ғылыми танымдық түсініктерден арылғанын айқындайды. Ол еңбектерде әдеби үрдіс, эстетикалық контекст, жанрлық түрлердің әдіснамасы ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырылып, жан-жақты зерттелген.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

- 1.Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиетінің әдебиет тарихындағы орны мен мазмұндық негіздерін зерттеуде ұстанатын қағидаттар?
- 2.Б.Майтановтың жаңа заман әдебиетін зерттеудегі еңбектерінің маңызы?
- 3.Қазіргі әдеби процестегі постмодернистік мәдени құбылысқа қатысты зерттеу еңбектерге тоқталыңыз.
- 4.Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріндегі ортақ идея мен өзіндік тұжырымдарын салыстырыңыз?

№3 дәрістің тақырыбы: ХХІ ғасыр қазақ прозасындағы роман жанрының даму бағдары. ХХІ ғасырдағы роман жанрындағы тақырыптық, көркемдік ізденістер.

Мақсаты: Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ прозасының даму бағдарын зерделеу, романдардың тақырыптық, көркемдік жүйесін талдау, түсіндіру.

Әдебиет – үздіксіз даму үстінде болатын, үнемі жаңарып отыратын өнер түрі. Қазақ әдебиеті тарихының күрделі өсу жолында көркем прозасындағы роман жанрының орны ерекше. Тәуелсіздік жылдар көлемінде қандай романдар жазылды, ол романдардың көркемдік эстетикалық құндылығы тұрғысынан, «оқырмандар талғамына жауап бере ме», «бүгінгі әдеби даму процесінде қандай үлес салмағы бар», «көтерген тақырыптарының өзектілігі неде» деген сан түрлі сауалдардың төңірегінде зерделенеді.

Әдебиет тарихындағы ерекше кезең «тәуелсіздікті» әдебиеттің даму үрдісінің даңғыл жолы және ғасырлар бойы жинақталған әдеби мұраның, өткен әдебиеттің дамуының іргетасы деп тұжырымдауымызға болады. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың аңсаған асыл мұраты, ұлттық мүддесі болып қазақ әдебиетінде таңбаланып қалса, қазіргі уақытта сол арман болған кезеңді ақын-жазушылар мақтанышпен жырлап жатса, ол мазмұн қазіргі студент жастардың рухани дүниесінде өз орнын алып, өз биігінен көрінуі тиіс.

Қазақ халқының басынан өткен тарихи шындығы ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ романдарында жазыла бастады. Мысалы, Қ. Жұмаділовтің «Прометей алауы», Қ.Мұқамбетқалиевтың «Тар кезең», Ж. Ахмадидің «Айтұмар», Н. Қуантайұлының «Қараөзек» және т.б. қаламгерлердің романдарында тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы заңдылықтары бойынша саралап талдау мынадай бағытта қарастырылды:

*Роман жанрында тарихи шындықтың бейнеленуінің қазіргі уақыт аясындағы қамтылуы;
Жаңа заман романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік шарттылық жинақтауларының сабақтастығы;*

Тарихи тұлғалар мен оқиғалардың көркемдік шешіммен жинақтала бейнеленуі; әдеби бейнелердің прототиптік негізділігінің мәні;

Кейіпкерлерді даралау мен мінездеудің психологиялық ерекшеліктері;

Романдардың идеялық-композициялық желісіндегі ұлттық-этнографиялық сипат болмысы;

Тәуелсіздік үшін күрескен хандар, батырлар, ұлтымыздың көсемдерінің тарихи романдар арқылы сомдалуындағы көркемдік мақсат.

Тәуелсіз ел әдебиетінің өкілдерін таныту енді ғана басталған тың тақырып екені баршамызға аян. Адам өміріндегі ең аяулы сезім, құдіретті қасиет – сүйе білу, жақсы көру, отбасын құрау, ерлі-зайыптылар қарым-қатынасы халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алып, ғасырлар бойы жырланып келеді. Бұл мәңгілік тақырыпты әр қырынан қарастырған зерттеулер баршылық, дегенмен мұны жаңа дәуір талаптары тұрғысынан көрсету, әдебиеттің алтын қорын жаңа ғасырдағы тәуелсіз ел әдебиетімен толықтыру, қазіргі қаламгерлер шығармашылығын оқытумен бірлікте қарастыру мәселесін толықтыру біздің зерттеуімізден орын алады.

Қазіргі қазақ романдарын тақырыптық, көркемдік тұрғыдан алғанда, соңғы отыз жыл көлемінде қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді көтеріп, қоғамдағы адамның түрлі әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өзгерістерді, қоғамдық ауысулар мен жаһандық үрдістегі жанталасын, рухани кеңістіктегі ұлт мәселесі сынды ең маңызды мәселені алға шығарды. Тарихи кезеңдердегі қазақ халқының трагедиясы мен бүгінгі қоғамдағы тәуелсіз елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайындағы ұлттық проблемалар сабақтаса өріліп, ұлттық тіл, ұлттық болмыс, ең бастысы, ұлттық идеясы прозада құр насихат, дидактикалық сарыннан арылып, ашық сипат алып, символикалық, тұспалды, кодталған, оқырманның өзіндік танымына қалдырылған жұмбақ әлем күйінде берілуі, авторлардың ағым-бағыттар бойынша ұстанған принциптеріне сәйкес көркемдік мәнге ұласты.

Соңғы жылдардағы қазақ романдары туралы сөз еткенде, Д. Досжан «Ақ орда», Қ. Жұмаділов «Прометей алауы», Т. Тілеуханов «Соңғы сері», Ұ. Доспанбетов «Абылайдың ақ туы», М. Мағауин «Жармақ», Қ. Мұқамбетқалиев «Тар кезең», Х. Әдібаев «Отырар ойраны», С. Досанов «Қылбұрау», «Ұйық», Ж. Ахмади «Айтұмар», Ш. Құмарова «Ғасыр нұры», С.Елубай «Жалған дүние», Д. Амантай «Гүлдер мен кітаптар», А. Кемелбаева «Мұнара», тағы басқа қаламгерлердің 2000 жылдардан бері жарық көрген туындыларын атауға болады.

Қазіргі қазақ романдарын саралауда байқалатын тенденциялардың бірі роман жанрының трансформацияланып, көлемінің кішірею құбылысы.

Сондай-ақ ХХІ ғасыр романы эпикалық кең тынысқа да құлаш ұрып, қазіргі қазақ қоғамындағы түйткілді әлеуметтік мәселелерді, тарихи аласапырандар кезеңдеріндегі жеке адамдардың жан күйзелісін, тіршілік толқыныстарын қоғамдық-әлеуметтік проблема деңгейіне көтеріп суреттеуде дәстүрлі классикалық үлгіні де өзінше дамытуда.

Қазіргі таңда әдебиетте ұлттық дүниетанымдық құндылықтарға ерекше көңіл бөлінуде. Халық даналығы, фольклорлық мұраларға иек арту, әдебиет пен халық әдебиеті байланысы ерекше дамыды. Әсіресе, қазіргі қазақ романдарында реминисценция құбылысы, интермәтіндік құбылыстар ерекше артты.

Қазақтың жаңа прозасындағы көркемдік өрнек үлгілер өте күрделі. Ол қаламгерлердің ұлттық ауқымдағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен көңіл аудартады.

Қазақ романдары ұлттық мәселені, елдік мәселені, жалпы тәуелсіздікпен келген қазақ халқының тағдыр-талайын алдыңғы шепке шығарды. Ақын-жазушылар өзінің суреткерлік болжамдарын жеткізуде білім мен дүниетанымына, философиялық толғамдарға сүйенеді, авторлық ұстанымдарын жеткізуде бүгінгі замандас бейнесі, бүгінгі замандағы адамзат мәселелерін фольклорлық-мифтік ұғымдарға, архетивтерге, гарыштық ұғымдар мен тарихи тұлғаларға, хандар мен билер, батырлардың тарихи негіздері мен мінез-құлық, ұлттық дүниетаным характерлер құндылықтарына иек артып, тануға тырысады.

Бүгін кешегі идеология мүмкіндік бермеген басты мұрат–тәуелсіздік көзқарасында сөйлеу, отаршылдық езгінің зардаптары, тоталитаризмнен толықтай арылу, құлдық сана психологизмінің үрейінен арылу үрдісі жүріп жатыр.

Бекіту тапсырмалары мен бақылау сұрақтары:

- 1.Қазіргі қазақ романдарында трансформациялану құбылысына мысал келтіріңіз?*
- 2.Қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі тақырыптық арналары қандай?*
- 3.Қазіргі әдебиеттегі ұлттық дүниетаным құндылықтарының ерекше көрініс табуы мен көркемдік қызметі?*
- 4.Реминисценция, интермәтін терминдерінің мағынасына тоқталыңыз.*

№4 дәрістің тақырыбы: Жаңа ғасырдағы қазақ романының жалпы даму тенденциялары

Мақсаты: Жаңа замандағы романның дамуы, түрлері тоқталу

Тәуелсіздіктің ту тігуімен қоса келген сөз бостандығы әдебиет әлеміне тың серпілістер мен соны көзқарастар, кеңестік кезеңнен қалған ішкі толқыныстың ақтарылуына, әдебиет әлеміндегі жабулы тақырыптар мен социалистік реализмнің шеңберінің құрсауда болған әдеби ағымдар мен бағыттардың да кең етек жаюына, әдебиетті жасаушы қаламгердің белгілі бір деңгейде өзін еркін сезінуіне алып келді. Жаһандану үрдісіндегі әдеби ықпалдастық әдеби үрдістің томаға тұйық өмір сүрмейтіндігін, кешегі кеңестік идеология аясында бір ғана әдіс социалистік реализм әдісінің әдеби үрдісті қолдан шектеу, мазмұн мен пішіндік тұрғыдан қатаң бақылау екенін анық байқатты.

Роман жанрындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесінде, төмендегідей бірнеше құбылыстарды байқауымызға болады.

1.Қазіргі ХХІ ғасыр қазақ романистикасының шығармашылық үрдісіндегі негізгі белгі – еркін шығармашылық ойлауға ие болуы. Тәуелсіздіктің негізінде қазақ авторлары кеңестік кезеңдегі саяси сүзгінің келмеске кеткенін айқын сезінді. Ұлттық мүдде тұрғысынан сөйлеуге мүмкіндік ашылды.

2.Қазіргі романдық дәстүр ғасырлар тоғысындағы мәдени парадигмалардың ауысуын басынан өткеріп, дәстүр және жаңашылдық тұрғысынан даму үстінде. Классикалық дәстүр мен жаңаша сөйлеу стилі тартысқа түсіп, жаңа қаһармандар, антижанрлар, жаңа ғасырдағы прагматикалық тілдік дискурс мәселесі өзін айқын көрсету сипаты белең алды.

3.ХХІ ғасыр қаламгерлерінің жанрлық түрлік ізденісте белсенділік танытуы жанрлық трансформацияға әкелді. Көркем әдебиет пен деректі әдебиет, публицистиканың шекарасының жойылуы, кірігу үрдісі басым. Бүгінгі роман жанрында роман-эссе, тарихи роман, деректі роман, роман ойтолғау, т.б. кең өріс алуы осының айғағы. Қазіргі роман жанры негізінен шағын көлемді сипат алды.

4. Роман жанрында мәдени диалог үрдісі ерекше байқалады.

Қазіргі қазақ әдебиетінің қаламгерлері әлемдік әдеби даму үрдісі кеңістігімен мәдени диалогқа түсіп, эксперименттерге барып, әдеби байланысқа түсуде, үйренуде, сондай-ақ жаңаша ойлауды мақсат тұтқан ұлттық әдебиет қалыптастыруда.

5. Көп қабаттылық – біріңғай әдіс, біріңғай стиль, бірыңғай көшбасшылықтың жойылуы, яғни өткен дәстүрге мойынсұнбау. Сондай-ақ қазіргі романның тілдік қабатының бірнеше стильдік арналарды тоғыстырушы, өзара байланысты семантикалық кеңістігі (көркем әдебиет, ғылыми, публицистикалық сарын) құруы.

6. Қазіргі ХХІ ғасыр роман жанрына үлес қосушы қаламгерлер әртүрлі ұрпақ өкілдерін құрайды. Бұл 70-80 жылдардың өкілдері (Ш. Мұртаза, М. Мағауин, Т. Нұрмағанбетов, Ж. Шаштайұлы, А. Смайыл т.б), екіншісі 80-жылдардың аяғында және тәуелсіздіктің алғашқы тұсында әдебиетке келіп қосылған ұрпақ өкілдері (Д. Амантай, А. Кемелбаева, Н. Қуантайұлы, Ә. Ыбырайымұлы, т.б), үшіншісі тәуелсіз ғасыр ұрпақтары (Д. Бейсенбекұлы, А. Әлменбет, М. Омарова, т.б). Классикалық дәстүрдің тіл бояуының көркемдігін, дәстүрлі канондардың сақталуын алға тартса, жастар өкілдері әлемдік әдеби үрдістегі түрлік ізденістерге, ақпараттық заманның сұраныстары мен талаптарына, заманауи мәдени-кеңістік тұрғысында сөйлеуді құп көреді.

7. Қазіргі қазақ романында жаңа заманның жаңа типті кейіпкерлерін іздеу негізгі мәселелердің бірі. Бұл, әсіресе, Д. Амантай, А. Кемелбаева, Н. Қуантайұлы, Ә. Ыбырайымұлы, Д. Бейсенбекұлы, А. Әлменбет, М. Омарова, т.б. қаламгерлер шығармашылығында ерекше көрініс тапты.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1.Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің дамуындағы негізгі тенденциялар?*
- 2.Тарихи роман, көркем-тарихи роман, тарихи-биографиялық роман терминдеріне анықтама беріңіз?*
- 3.Аталған түрлердің қазіргі қазақ романдарында қай түрлі жиі қолданылады? Мысалмен дәлдеңіз.*
- 4.Тәуелсіздік үшін күрескен хандар, батырлар, ұлтымыздың көсемдерінің тарихи романдар арқылы сомдалуындағы көркемдік мақсат?*

№5 дәрістің тақырыбы: Қ.Мұхамбетқалиев «Тар кезең», Қ Жұмаділовтың «Прометей алауы» романдарындағы ұлт тарихының қилы кезең көріністері

Мақсаты: Қ.Мұхамбетқалиев «Тар кезең», Қ Жұмаділовтың «Прометей алауы» романдарының тақырыптық, көркемдік негіздерін саралау

Қазіргі қазақ прозасындағы көрнекті қаламгерлердің бірі Қажығали Мұханбетқалиев 1942 жылы Ақтөбе облысы, Байганин ауданы, Кемерши аулында туған.

Жазушының соңғы жылдары жарық көрген көлемді кітабы - «Тар кезең» романы. «Тар кезең» - романы мемлекеттік сыйлыққа болды. «Тар кезең» романы қазақ даласындағы ұлт азаттық көтерілістің көсемдерінің бірегей тұлғасы, би әрі шешен, батыр, өз заманының саясаткер әрі дипломаты болған Сырым Датұлының өмірін, тарихи тұлғасын көркемдік тұрғыдан суреттеген туынды. Қаламгер Сырым Датұлының тарихи тағылымдық жолын зерттеп, терең зерделей отырып, тарихи тағылымдық еңбегін шығарды. Автордың айтуы бойынша, жиырма жылға жуық ғұмырын сарп еткен.

Романға автор Қадыр Мырза Әлидің: «Бұл жерде ел ұрандасқан, айқайласқан, Бұл жерге жау аяғын байқай басқан! Ерліктің етегінен ұстап тұрып, Еркіндік сонда алғаш тәй-тәй басқан» [19] деген өлең жолдарын эпиграф ретінде алуы тарихи романның елдік, ұлттық мүдде тұрғысынан өткен тарихқа жаңаша көзқарас, пайым парасат тұрғысынан келген елдік, патриоттық бағыт-бағадарын бірден аңғартады.

Романда қазіргі Батыс Қазақстан территориясы аймағын Еділ мен Жайық өзендері бойын жайлаған қазақтардың ата қоныстарынан айырылып, патшалық үкіметтің басқа бодандары тарапынан қазақтарға жасалған шапқыншылық, қысымдардың арты ұлт азаттық көтеріліске, хандық биліктің құлдырауына әкеліп, сол кездегі қазақ даласында елі үшін намысын жыртыққан, тек батырлығымен ғана емес, сұңғыла саясаткер, тапқырлығымен елді артынан еріте білген Ер Сырымдай тұлғаның тарихи тұлғасы көркемдік шешім тұрғысынан бейнеленеді.

Романда негізінен екі сюжеттік арна өрбиді, бірі орыс отаршылдық империясының көзімен қараған патша билігінің айналасындағылардың әрекеті болса, екінші қазақ даласындағы дүрбелең, тар кезеңдегі қыспаққа түскен көшпенді ел, ата-бабамыздың тарихи кеңістіктегі елдік, ұлттық азаттығы үшін күресі. Сол тұста көрінген Сырымдай дара тұлғалардың тарих сахынасына шығуы.

Шығармашылық тағдыры екі бірдей алып мемлекеттің шеңберінде туып қалыптасқан жазушы, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері **Қабдеш Жұмаділов** тәуелсіздіктен кейінгі жылдары да қазақ прозасының дамуына айтарлықтай үлес қосып, кең көлемді эпикалық жанрда «Дарабоз» (1994, 1996) диалогиясы, «Таңғажайып дүние» (1998) ғұмырнамалық, сондай-ақ “Қылкөпір» (2003), “Прометей алауы» романдарын жазып, қазіргі заман әдеби процесінен өзіндік орнын алған болатын. Оның қаламынан туған романдардың бірі – «Прометей алауы» романы тарихи деректі тақырыптағы туынды.

«Прометей алауы» романы атауының өзі символдық мәнде алынып отырғаны түсінікті. Аталған романда да Ресей отаршылдығының бір кезеңі қамтылған. Ресей империясының саясаты бойынша отарланған жерлерге бекініс қалалар салумен бірге, діни уағыз жұмыстарына ерекше мән берілген тұста, Ақтайлақ бидің кейінгі ұрпақтың қамын ойлап, дін, имандылық мәселені ойлауы, Түркістаннан қожса, молдалар ұрпақтарын алдыртып, орыстардың шоқындыру саясатына өзіндік қарсылық танытуы сол кезең үшін үлкен жетістік болатын. Романда Ақтайлақ бидің тұлғасы арқылы тарихи тұлғалардың елдік қызметі, ұрпақ қамы үшін төккен тері, тағы басқа да мәселелердің түйінді тұсы бүгінгі қоғамдағы жайлармен де астасып отырғанын байқаймыз. Қазақ елінің жағдайындағы діни ахуал мәселесі де авторлық идеямен астасып жатыр. Романның да «Прометей алауы» деп аталуының мәніндегі символдық ұғымының бүгінгі жағдаймен үндестігін танытады. Автор кешегі өткен тарихтың сабағы бүгінгі күн үшін де маңызды екенін баяндайды.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Сырым батыр тұлғасының қазақ әдебиеті тарихында «Сырым батыр» жыры мен «Болашаққа амант» (Ғ.Мүсірепов) пьесасында суреттелуі мен Қ. Мұқамбетқалиұлының «Тар кезең» романындағы образыны қалай ашылған?

2. «Тар кезең» романы неше тараудан тұрады? Романда негізгі неше сюжеттік линия арқылы оқиға дамиды?

3. Романда кездесетін негізгі тарихи тұлғаларды атаңыз? Олардың романдағы Сырым батыр образын ашудағы көркемдік қызметі? Мәтін арқылы дәлелдеңіз.

4. Романдағы отаршылық империя саясатының жүзеге асуына автордың бүгінгі тәуелсіздік биігінен берген көркемдік бағасы?

5. Сырым Датұлының реформалық саясатының романдағы көрінісі?

6. Қабдеиш Жұмаділовтің «Прометей алауы» романы атауының символдық мәнде алынуының сыры неде?

7. «Прометей алауы» романының өзекті идеясы мен тақырыбы, авторлық идеясының маңыздылығы?

8. Романдағы негізгі тарихи тұлғаларды атаңыз? Олардың көркемдік тұрғыдан суреттелуі қызметі? Мәтін арқылы дәлелдеңіз.

№6 дәрістің тақырыбы: Ж.Шаштайұлы «Жаңғырық» романындағы ұлтсыздану, ұрпақтар сабақтастығындағы мәнгүрттену проблемасы

Мақсаты: Ж.Шаштайұлы «Жаңғырық» романының мазмұндық, тақырыптық негізін саралау, авторлық дүниетанымдық ой жүйесін зерделеу.

Қазақ әдеби процесіне сонау 1980 жылдары келіп қосылған бір топ шоғыр қаламгерлер қатарында жазушы Жұмабай Шаштайұлының жұлдызы жарқырай көрінді. Ол 1950 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында дүниеге келген.

XXI ғасыр әдеби сынында аталған шығармалардың бірі Ж. Шаштайұлының «Жаңғырық» романы. Роман тақырыбы сонау 50-60-70 жылдардағы кезеңді суреттесе де, бүгінгі күнмен өзектесіп отырған арна – ұлтсыздану, ұрпақтар сабақтастығындағы мәнгүрттік мәселесі екені анық. Роман негізгі үш сюжеттік арнада өрбиді. Бірінші, Заңғарбек Сардарбекұлының ішкі ой толғаныстары, диалогтары, басынан өткізген оқиғалары, заман туралы, сол кезеңнің адамдары, психологиясы, уақытқа сай өзгерген сана-сезімі, ұлттық тәрбие, діл мен дінге қатысты көзқарастар шынайы суреттеледі. Екінші сюжеттік желі студент Бегімбет арқылы өрбиді. Қоғам туралы, шет жақта жырақта жүрген қандастардың психологиясы, анасы, әпкесі үшеуінің арасындағы отбасылық проблема, әпкесінің өз ұлтынан жерінуі, менсінбеушілік, анасының ұлы мен қызының бақытын ойлаған, бірақ заман саясатына сай іштей тынғаны кешегі уақыттағы көптің басынан өткерген шындық.

«Жаңғырық» романының үшінші сюжеттік арнасы ескінің сарқыты, Ұлы Отан соғысына қатысып от кешкен, бірақ кейінгі бейбіт кезеңде ата кәсіптің тұтқасын ұстап, отбасын асырап күнін көрген қарапайым еңбек адамы қойшы Сансызбайдың кеңестік идеологияның көзбояушылық саясатының салдарынан басының дауға қалған оқиғасына құрылған. Кешегі кеңестік кезеңде біздің ата кәсібіміздің түп-төркін табиғатынан гөрі, экономикалық табыс көзі ретінде қарап, асыра сілтеген саясатты ұстанғаны мәлім. Романдағы қойдың суға батып өлгенін жасырып, пойызға басылғанын қойшының мойынына ілуі көзбояушылық болса, екінші жағынан пойызға басылып қырылған қойды суреттеудің символикалық мәні бар тәрізді. Ата кәсіптің бейнетін даланың қазағы кешсе, ал оның зейнетін қанды қасапшыдай қызыл империяның «атасы бөлек», «ұрқы басқа» (авторлық қолданыс) халқы көргені де шындық болатын.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ұлттық құндылықтарды, ұлттық болмысты жою, сол арқылы көптеген ұлттардың табиғи дамуына балта шабу саясатының зардаптары мен залалдарынан арылу болашақтың еншісінде. Автор ата кәсіптің ауыр тауқыметін тартса да, сол кездегі көзбояушылық пен жалғандыққа мойымай, ар-намысын таптатпаған, қазақи мінез, рухтың мықтылығын осы Сансызбай образы арқылы бейнеленеді.

Романдағы үш сюжеттік желібір-бірімен тура байланыссыз өрбігендей көрінгенімен, үшеуін біріктіріп тұрған негізгі арна уақыт пен кеңістік категориясы. Романдағы уақиға кешегі кеңестік кезеңнің 50-60-70 жылдар аралығын қамтиды. Оған себеп, романның өн бойынан кезігіп отыратын тарихи тұлғалар Әуезов, Сталин өлімі, оның өлімінен кейін құғындалғандардың елге оралуы, Қонаев сынды есімдердің кездесуі дер едік.

«Жаңғырық» романы мәңгүрттік, жалтақ мінез, бүгінгі тілмен айтқанда, құлдық психологияның қамытын киюдің тамыры тереңде, саяси астары зілді де, қасіретке толы болғанын аңғартады. Кешегі кеңестік кезеңдегі уақиғаларды тәуелсіздік биігінен қарап, ұлттық мұрат-мүдде тұрғысынан бағалап, құлдық психологиядан арылып, өткен тарихты қайта жазуды қолға алып жатқанымыз ақиқат.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1.«Жаңғырық» романының өзекті мәселесі, авторлық идеясының маңыздылығы? Жеткізілу формасындағы авторлық шеберлігі?

2.Қазақ прозасындағы және әлемдік әдебиеттегі мәңгүрттік проблемасының сөз болуы және «Жаңғырық» романы арқылы жаңаша сипатталауы? Өткен тарихи сана мен бүгінгі болмыс арасындағы көз көрінбейтін рухани сабақтастың мәнін ашудағы автордың батыл байламдарын роман мәтінен тауып, өзіңізше интерпретациялаңыз?

3.Кеңестік идеологияның көзбояушылық саясатының образдар арқылы берілу жолдары?

4.Сансызбай қойшы қандай образ, автордың образ сомдауда ұстанған бағыты қандай?

№7 дәрістің тақырыбы: Смайылдың «Тамұқтан келген адам» романындағы ашаршылық зұлмат жылдарының себебі мен салдары, көркемдік-эстетикалық шешімі

Мақсаты: Смайылдың «Тамұқтан келген адам» романының көркемдік ерекшелігі, тілдік, түрлік, стильдік қолтаңбасын талдау.

Қазіргі прозаның көрнекті өкілі Алдан Смайыл 1946 жылы Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы, Ақтау кеңшарында дүниеге келген. Ол «Тамыздың таңы», «Ақ жалын», «Сағынып келген көктем», «Найзақара», «Арқаның бетпақ деген даласы», «Тамұқтан келген адам» сынды бірнеше кітаптардың авторы.

Алдан Смайылдың шығармашылығында ізденісі мен көркемдік ерекшелігі, тілдік, түрлік, стильдік қолтаңбасы айқын «Тамұқтан келген адам» романы. Бұл шығармасы үшін автор еліміздің Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Романның тақырыптық жүгі өте ауыр. Романның атауы айтып тұрғандай, ХХ ғасырдың он жетінші - жиырмамыншы жылдары, одан кейінгі кәмпеске, ашаршылықты, репрессияны көрген қазақ халқының тағдыр-талайы тамұқтан оралған адам тағдырымен өзектес, бүтін бір ұлттың қаралы тарихи трагедиясы.

Роман ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы бүтін бір ұлттың, яғни қазақ халқының геноцидке ұшырауын, репрессия үдерісін баяндаса, екіншіден жанрлық-түрлік даму тенденциясы тұрғысындағы реалистік негізді сақтады. Дегенмен жаңа заманауи парадигмалар әсерімен жазылған романның түрлік ізденісі, құрылымы қалыпты ережелердің шеңберінен шығып, көркем әдеби шарттылықты саналы түрде игерген туындыға айналған.

Дәстүрлі авторлық баяндаулар, кейіпкер-автордың ішкі монологтары, кейіпкерлердің сана ағыны, рухтармен тілдесу, елес, галлюцинациялық хал-күй, яғни психологизм, философиялық иірімдер кең қолданыс тапқан роман жаңа кезеңдегі роман жанрының түрлік даму тенденциясынан хабар береді. Автор тарапынан романға эсселік сипат дарыту сол тақырыпқа деген авторлық позицияны, тәуелсіздік биігінен берген бағасын жеткізуде үлкен қызмет атқарса, дәстүрлі баяндау стилі қаламгерге тақырыпқа қатысты сан-салалы сюжеттік желілерді біріктіріп, образдар жүйесін, нақты тарихи кезеңдердегі ұлттық характерлік сипаттарды көркем бейнелеп жеткізуге септігін тигізген.

Қазақ халқының жазықсыздан-жазықсыз геноцидке ұшырауы, соны жүзеге асырғандардың кейбірі өмірдің мәні мен мағынасын, «кім үшін?», «не үшін?» деген сауалдардың байыбына бойлай алмай, қырғынға ұшырап, ойран-топыры шыққанын, тамырына балта шабылғанын түсінбей кеткенін алға тартады.

Кешегі өткен аштық жылдар, қолдан ұйымдастырылған геноцидтік саясат қазаққа оңай тимегені анық. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп күн кешкен, аштық құрбанына айналған қазақты төл кәсібі, күн көрісі - төрт түлігінен айыру тікелей ажал аузына айдағанмен бірдей болды. Аштық құрбаны болған халық не істемеді? «Адамды адам жеген заманда итке не кінә?» - деген сөздерді автордың сол кездегі тарихи шындыққа берген көркем бағасы деп ұққанымыз абзал.

А.Смайылдың «Тамұқтан келген адам» романы тақырыптық тұрғыдан тарихи өткен кеңістік пен бүгінгі күннің арасын еркін үндестікте суреттеген, тарихтың ақтаңдақтарын шынайы көркемдік деңгейде жеткізіп, өмір мен өлім шеңберіндегі адами құндылықтарды сарапқа салған, өмірдің қайшылықты заңдылықтарын, ең бастысы адам қоғамын қатыгездік пен зұлымдық әрекеттерге итермелеуші саяси-әлеуметтік фактордың кезінде әрекет етуші халықтың сол қайшылықты жағдайлардан шығу жолына сын көзбен қараған заманауи роман жанрының бір үлгісі, ұлттың сөз мәйегіне бай, тілі орамды, дәстүрлі әдеби процестің талаптарына толықтай жауап беретін шығарма деп есептейміз.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1.Автордың «Тамұқтан келген адам» романында “адам-табиғат-қоғам» проблемаларын жауап іздеуде қандай әдісті қолданған?*
- 2.«Тамұқтан келген адам» романынан байқалатын негізгі стильдік ерекшелік қандай?*
- 3.Романдағы концептілік образдар? Символдық бейнелердің көркем мәтіндегі функциялық қызметін атаңыз?*
- 4.Автордың тіл қолданысынан байқалатын қандай ерекшелік бар?Романдағы адамның жандүниесі, үнемі сұрқай тыныс-тіршілік, табиғат пен адамның бір-бірін аңдысқан ішкі жандүниесіндегі арпалыстар қандай бояулармен берілген? Мысалдармен дәлелдеңіз.*
- 5.Қаламгер романынан байқалатын интерпретациялық құбылыстар?*
- 6.Аллюзияның романдағы көркемдік қызметі, мысалдармен дәлелдеңіз?*

№ 8 дәрістің тақырыбы: Ш. Құмарованың «Ғасыр нұры», Бексұлтан Нұржекеұлының «Әй», дүние-ай» романдарындағы отаршылдық зардаптары

Мақсаты: Авторлардың шығармаларындағы кеңестік жүйенің отаршылдық зардаптарын тақырыптық тұрғыдан ашу, образдар жүйесіне талдау жасау.

Қазақ әдебиетіндегі проза саласында қалам тербеп жүрген әйел қаламгерлер қатарында Шәрбану Құмарованың орны ерекше. Ол 1936 жылы Алматы облысы, Есік қаласында дүниеге келген. Жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Шәрбану Құмарова тәуелсіздік жылдарынан кейін де әдеби процеске үн қосып, проза саласында «Сезім патшалығы» (2003), «Ғасыр нұры» романдарын жазды.

Ш. Құмарованың «Ғасыр нұры» романының жоғарыдағы романдармен тақырыптық тұрғыда алғанда тарихи кезең шындығын көтерген ұқсатық жақтары бары сезіледі.

Ш. Құмарованың «Ғасыр нұры» романының кейіпкерлері де сонау өткен ғасыр таңба салған қазақ халқының қаралы тарихы, ашаршылық, отыз жетінің ызғарлы нәубеті, Ұлы отан соғысы, ақыры желтоқсан оқиғасына келіп тірелген шығармада махаббат мәселесі арқылы тоғысып бір арнада өріліп отырады. Арғы тарих толқынында зардап шеккен ата-бабалардың кейінгі ұрпақтарының тағдыры екенін атап өткен орынды. Сонымен қоса, кейінгі ұрпақтарының арғы шежірелік, тектік тамырдан қол үзіп қалу сарыны да байқалады. Ру, ата-баба дәстүрі, сонау жылдардағы бір-бірінен қол үзіп қалған ұрпақ өкілдерінің көркем бейнесі жасалған.

Ш. Құмарованың «Ғасыр нұры» романындағы басты кейіпкердің бірі Мінуар да кешегі өткен ғасыр ұрпақтарының бүгінгі жалғасы. Актер, өнер иесі. Шынаргүл мектепті жаңа бітіріп, оқуға келген жасөсірім. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған жан. Бірақ бұл жерде, сонау нәубет жылдар салған жараның себеп-салдарынан бір-бірінен қол үзіп қалған ұрпақ өкілдері. Мінуардың желтоқсан оқиғасына, сол кезеңдегі жағдайларға қатыстыра отырып, оның арғы ата-бабаларының тарихи негізінде сөз етеді. Автор қолданған бала батыр туралы аңыздық дерек бұл романда шытырман оқиғалы сюжеттік желіге арқау болып, көркемдік қызмет атқарып тұр.

Бексұлтан Нұржекеұлы 1941 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Жаркент ауданы, Ақжазық аулында дүниеге келген. Оның қаламынан «Күй толғақ» (1972), “Күтумен қткен ғұмыр» (1974), “Бір өкініш, бір үміт» (1980), “Өзендер өрнектеген өлке» (тарихи-этнографиялық эссе, 1984), “Әйел жолы - жіңішке» (2002), “Ойұшқын» (2003) кітаптары жарық көрген. Қаламгердің соңғы жылдары көрген көлемді туындыларының бірі - «Ә», дүние-ай» романы.

Бексұлтан Нұржекеұлының «Ә», дүние-ай» романы да отаршылдық зардаптарының тарихи парақтарын жеткізген туынды. Бұл роман жарық көргеннен кейін мемлекеттік сыйлыққа ие болған шығармалардың бірі. Роман – қазақ тарихындағы қасіретті бес кезеңді – 1916 жылғы ақпан төңкерісі, 31 жылғы ашаршылық, 37 жылғы жеке басқа табынушылық зардабы, Ұлы Отан соғысы, желтоқсан оқиғасын басынан өткерген Шәйі бойжеткен, Шәйі келін, ауыр кезеңдерді балалары үшін тағдыр-тауқыметін тартқан Шәйі ана, тәуелсіздіктің атқан таңын естіп о дүниеге аттанған Шәйі әже тағдыры. Шәйінің жеке басындағы ауыр тағдыры қазақтың тағдыры.

Оны романның мына бір жерінен, ерлі-зайыпты Шәйі мен Тазабектің арасындағы сенімнен, қиын-қыстау кезеңде жеке бастың мәселесінен де жоғары елдік мәселенің тұрғанын автор көркемдеп жеткізеді.

Көлемді тарихи романдардан ерекшелігі автор тарихи дерекпен мезі етпейді, бір ғана тағдырдың қасіреті сол жылдардағы барша қазақтың басындағы ортақ жағдай екені көркемдік деңгейде шешімін тапқан. Әрине, автор тарапынан қанын тамыза отырып сол кезең шындығын суреттейтін натуралистік суреттеулер де аз емес. Бұл суреттеулер романның эмоциональды қабатын күшейте түскен. М.Әуезовтың «Қилы заман» шығармасын еске түсіреді (Жәмеңке Мәмбетұлы, Ұзақ Саурықұлы т.б. тарихи тұлғалар кездеседі), бірақ бұл қайталау емесі анық.

Қаламгер осындай трагедиялы тарихты сезіне отырып, тарихи тақырыпты тереңдікпен ашып, егемен елдің тұғырлы биігінде ашық әрі батыл түрде қуаныш пен қайғыны 91 жыл бойы арқалап келген ана жүрегінің астарындағы мұңның жеке басынан емес, барша халыққа ортақ трагедиялы тағдырмен ортақтастырады.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Бексұлтан Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай!» романының негізі проблематикасы қандай?
2. Романдағы көтерілген тарихи оқиға мен сол уақыт пен кеңістік ортақ тағы қандай шығармалар бар? Олардың ортақ және өзіндік ерекшеліктері неде?
3. Бас қаһарман Шәйінің образы қалай ашылған?
4. Романда жиі қолданылатын тәсіл?
5. Автор романның тақырыптық атауын «Әй, дүние-ай!» деп не үшін атаған? Авторлық идеямен, тақырыптың мазмұндық негізіне қанышалықты жақын?

№ 9 дәрістің тақырыбы: Ж.Ахмадидың «Айтұмар» романындағы жоңғар шапқыншылығы кезеңі және этнографиялық-фольклорлық негіздер

Мақсаты: Жазушының романындағы тарихи таным мен көркемдік шешімді талдау, романдағы қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтар, тәлім-тәрбие туралы көркемдік тұжырымдарды ашып көрсету

Қазақ әдебиетіндегі айтулы қаламгер Ахмади Жанат 1943 жылы 15 қазанда Шығыс Түркістанның құлжа губерниясы, қазіргі Іле Қазақ облысына қарасты Қорғас ауданында Үш Ақсу-Мазы деген жерде дүниеге келген. 1995 жылдан таза шығармашылықпен айналысқан жазушының қаламынан “Дүрбелең» (1990) тарихи романы, “Шырғалаң» (1997) роман-диалогиясы, «Жүрек қартайса, ажал аңду салады» (2000) этнографиялық көркем әңгімелер жинағы, “Зар-зарауха» (2002) хикаяттар мен әңгімелер жинағы, “Есенгелді би» (2004), “Айтұмар» романдары жарық көрген. Осы туындылардың ішінде «Ай-тұмар» романының орны ерекше.

Жанат Ахмадидың «Ай-тұмар» романының тарихи деректілігімен қоса, ұлтымыздың көшпенді тұрмысын, салт-дәстүрін бейнелейтін этнографиялық, фольклорлық сарын молынан кезігеді. Аталған романның тақырыбы жоңғар шапқыншылығы тұсында ұлы жүз елінде қарадан шығып хан сайланып, сол елді небары бес жылдай басқарып, жиырма бес жасында жоңғар хандығының қастандығынан қайтыс болған Нұрабайдың туып ес білгеннен өмірден өткенге дейінгі даналық тұлғасын сомдаған және соған қатысты күретамыр кейіпкерлер тарихи тұлғалар тағдыры арқылы жазушы сол заман бейнесін суреттеген.

Жазушының тарихи тақырыпты қозғай отырып, сол кезеңдегі қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, танымынан хабар беретін деректердің молдығы жастарға ұлттық құндылықтар туралы тәлім-тәрбие беруде таптырмас құрал деуге болады. Этнографиялық, фольклорлық мәліметтерден киіз үйдің жасалу технологиясы, қолөнерінің түрлері, бәдік айтыс, бата беру дәстүрі, қара өлең айту, бақсы сарыны, құда түсу, қалыңмал төлеу, шешендік сөздер, т.б. ұлттық құндылықтарымыздың тізбектеліп, көркем шығармашылықтың композициялық құрылымына сәйкес қиюластыра отырып пайдаланады.

Романда ұмыт бола бастаған салт дәстүрлер үлгісінің кездесуі, мақал мәтелдедің, тіпті романның басынан аяғына дейін шешендік сөз үлгілеріне құрылуы романның ұлттық танымдық құндылығын арттыра түседі.

Қорыта келсек, Ж.Ахмади бұл романға дейінгі шығармашылығында тілдік қуаты оның жазушылық шеберлігін, тіл қуатының құнарлы байлығын көрсетсе, аталған романдағы шешендік шиырлар, авторлық тілдік қолданыстарғы тұжырымдары, сәтті сөз қолданыстары бәрі-бәрі қаламгердің шығармашылық әлеуетінің бабында екенін әйгілей түседі. Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдеби үрдістің талаптары тұрғысынан жазылған шығарманың қазақ тарихындағы ақтаңдақтарды түгендеген көркемдік ізденіс, тың деректер негізінде жазылған көркем дүние деп бағалауға әбден негіз бар.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1.Ж.Ахмадидың «Айтұмар» романының негізі проблематикасы не, авторлық дүниетанымдық көзқарастарын анықтаңыз?

2.«Айтұмар» романының өн бойынан байқалатын негізгі стильдік ерекшелік қандай?

3.Автордың тіл қолданысынан байқалатын қандай ерекшелік бар?Мысалдармен дәлелдеңіз.

4.Қаламгер романынан байқалатын интерпретациялық құбылыстар?

5.Романның этно-фольклорлық сипаттарын нақты көрсететін көркемдік детальдарды көрсетіңіз?

6.Автор романындағы нақты тарихи тұлғалар кімдер? Олар туралы жазған басқа да жазушылардың шығармашылығымен салыстырмалы түрде талдаңыз.

№ 9 дәрістің тақырыбы: Мұнайдар Балмолданың «Он төрт» тарихи деректі романында өлке тарихының көркемдік шешімі

Мақсаты: Романдағы өлке тарихына қатысты деректерді саралау, романның көркемдік жүйесін ашу

Балмулдин Мұнайдар Мұқамбетжанұлы 1969 жылы 14 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданы, Көпжасар ауылында дүниеге келді. Әдеби ортада, жалпы қоғамда Мұнайдар Балмолда деген аты-жөнмен белгілі.

2017 жылғы жарық көрген қаламгер Мұнайдар Балмолданың «Он төрт» тарихи деректі романы өлке тарихының ақтаңдақ беттеріне арналады. Романның алғашқы парақтарынан-ақ көркем шығарманың өр рухы, авторлық ұстанымның шығармашылық процеспен, тіпті тарихи кейіпкерлерінің рухымен астасып кеткендей әсерде қалдырды.

«Он төрт» тарихи деректі романының символикалық атаумен берілуінде автордың тікелей тарихи негізді бастышылыққа алғанын анық көрінеді. Тарихи оқиға өткен ғасырдағы сұрапыл Ұлы отан соғысы жылдарының алғашқы кезеңдерінде Батыс Қазақстан облысында орын алған. «Он төрт» романының бас кейіпкері Ғұбайдолла Әнесов бастаған жалындаған он төрт боздақтың «Қазақ халқын қорғаушылар Одағы» атты жасырын ұйым құрып, қазақ халқын кеңестік империяның темір құрсауынан құтқарып, бөлек егемен ел боламыз деген идеяны жүзеге асыру жолында жас ғұмырларын құрбан еткен трагедиялық тағдырлар романның өзекті проблематикасына айналған. Романның оқиғасы Батыс Қазақстанның Жалпақтал өңірінде болып, жоспарлы түрде бір мезетте облыстың басқа да аудандарын қамтуды мақсат етеді. Алайда жастардың іс-әрекеті толық жүзеге аспайды. Тарихи деректі құжаттардың тілімен сөйлеген романның әрбір кейіпкері тарихи прототивтік тұлға болғандықтан, автор өз тарапынан авторлық субъективтік ұстанымдарын болған оқиғаларды баяндау сәтінде жеткізіп отырады.

Ғабиден Құлбасов сынды сатқындық танытқан кейіпкердің іс-әрекеті негізінде жастардың астыртын ұйымы әшкере болып, ұйым басшысы ату жазасына кесілсе, қалғандары айдауға кетеді. Бұл тарихи оқиға тәуелсіздік алғаннан кейінгі ғана беті ашылған ақтаңдақ болатын. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бақылауында болған тарихи деректі сол тарихтың кейбір кәугерлері айдаудан аман-есен қайтса да, елде тұрақтап тұруға мүмкіндік болмаған, көз түрткі болған куәгер-кейіпкердің естеліктері негізінде және архивтік құжаттар негізінде толықтырып, өлке тарихына қажетті көркем дүние жазылған. Сондықтан тақырыптың өзектілігімен қоса, нағыз рухты, намыс пен жігерді қаламына серік еткен шығармашылық процесс иесімен, оның тарихи қаһармандарымен сырласқандай күй кешесіз.

Қаламгер туындысы бірнеше қысқа-қысқа эсселік сипаттағы тараушаларға бөлініп, оларға атау қою арқылы оқырманын жалықтырмай, сюжеттік арнаға бағыттап отыруы дәстүрлі классикалық прозаның үлгісін, сондай-ақ кейбір ғұмырнамалық романдардың да стилін байқатады.

Жалпы автордың поэзиясынан және прозасынан байқағанымыз ұлттық этнофольклорлық дәстүрді, түркілік мотивті өз шығармашылығында берік ұстанатындығы. Бұған мысал ретінде романның өн бойында Ғұбайдолла Әнесовтың өңі мен түсінде қатар өрілген көкжал образын сонау көк бөрінің ұрпақтары, ерлік намыс отының үзілмеген жалғасы іспетті, соны өз шығармашылығы арқылы жеткізуге тырысқан авторлық көркемдік ізденісі, лейтмотиві десек болар. Қазіргі әдебиеттегі архетивтік қолданыс, яғни халық жадында сақталған түпсананың бейнелі қолданысы. Қазақ қаламгерлері аталған көркемдік әдіске жиі баратыны қазіргі қазақ әдебиетінде кең қолданыс тапқан.

Қорытындылай келсек, «Он төрт» романының бас кейіпкері Ғұбайдолла Әнесов пен он үш боздақтың сұрапыл жылдардағы азаттыққа ұмтылған іс-әрекеттерін тарих тұңғышынан шығарып, көркем әдеби туындыға айналдыруға ұмтылған автордың көркемдік ізденісі қуанарлық жағдай. Автордың таңдаған жанры тарихи дерекке негізделгендіктен, кейбір тұстарда автордың көркемдік тұрғыдан гөрі, публицистикалық сарынға ұрынатын тұстары болғанымен, жалпы шығарма тарихи танымды көркем шындыққа айналдыруда кеңестік сайқал саясатты қанын тамызып жеткізуде біршама табысты болғанын, оқырманының намысын қайрап, рухын оятуға күш салған авторлық сана, дүниетанымның айқындылығымен бүгінгі ұрпақ үшін құнды болмақ.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1.Мұнайдар Балмолданың «Он төрт» романының негізі тақырыбы мен идеясы қандай?
- 2.Романдағы көтерілген өлке тарихи оқиғасы мен сол уақыт пен кеңістіккөркемдік шешімі?
- 3.Бас кейіпкер Ғұбайдолла Әнесовтің образы қалай ашылған?
- 4.Романның композициялық құрлымы, өзіндік ерекшелігі, жиі қолданылатын тәсіл?
- 5.Автор романның тақырыптық атауын «Он төрт» деп аталуының сыры неде? Авторлық идеямен, тақырыптың мазмұндық негізіне қанышалықты жақын?
- 6.Романның прототиптерінің кейінгі тағдырлары туралы романнан тыс мәліметтер туралы не білесіз?

№ 10 дәрістің тақырыбы: Т.Нұрмағанбетовтың «Мешкей» романындағы ғаламның сатиралық және философия-метафоралық шартты бейнесі

Мақсаты: Т.Нұрмағанбетов шығармашылығының стильдік ерекшелігіне тоқталу, «Мешкей» романының жанрлік ізденісін саралау.

Жазушы Тынымбай Нұрмағанбетов 1945 жылы 10 маусымда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында өмірге келген. Алғашқы әңгімелер жинағы 1971 жылы «Қауын иісі» деген атпен шықты. Содан бері бірқатар туындылары жарық көрді.

«Қош бол, ата»(1972), «Қарлығаштың ұясы» (1975), «Ата қоныс» (1980), «Дарияның арғы беті» (1981), «Ата қоныс» (орыс тілінде, 1984)», «Бәйтеректер» (1986), «Туған ауыл түтіні» (1989), «Балалық шақтың әндері» (1994), «Айқай» (2000), «Ауғандық құстар» (2009) т.б прозалық жинақтары жарық көрген.

Қазақ әдебиеті тарихындағы роман жанрын зерделеп қарасақ, сатиралық роман немесе роман сатираның жазылуы жиі байқалмайды. Аталған жанр шағын фельетон, әңгіме, повестерде шағын жанрларда жазылғанымен, роман жанрында сатиралық образдар, сатиралық кейіпкерлер бағытында көрінгенімен, тұтастай романның сатиралық бағытта жазылу тенденциясы байқалмайды. Осы тұрғыдан келсек, Т.Нұрмағанбетовтың «Мешкей» романы ХХІ ғасырдағы роман жанрындағы ерекше құбылыс деп қарауға негіз бар. Роман атауының өзі мешкей деген қазақи танымдағы жағымсыз сөздің мағыналық астарынан көрінгеніндей, романның айтар мағынасының тереңдігін аңғартады. Романдағы абсурттық деңгейдегі суреттеулер күлкілі жағдайдағы трагизмді, мениппенсия құбылысын көрсетеді. Дәстүрлі классикалық суреттеулердегі сатирадан қаламгердің жаңа абсурдтық деңгейдегі суреттерге иек артуынан қаламгердің алдына қойған позициясының, авторлық ұстанымының өзгешелеу екенін аңғарамыз.

Жазушының бас кейіпкері мешкей Алыпхан Арықбаевтың төңірегінде өтетін романы ғалым айтқандай тек тоқсаныншы жылдардың шындығы ғана емес, бүгінгі күн ақиқатына да арналады.

Т.Нұрмағанбетовтың «Мешкей» романы бір адамның ішіп-жеген мешкейлігін, ұсақ-түйек нәрселерді сөз қылған арзан дүние болып көрінуі мүмкін, ал шындығына келсек, автор қазақ ұғымындағы мешкей, мешкейлік ұғымын жаңа заманға сай қайта түлетіп, осындай болмашы дүниеге назар аудара отырып, қазіргі қазақ қоғамындағы ең үлкен кесел ашкөзділік, жемқорлық, тойымсыздық сынды Қазақстанның тәуелсіздік алған тұсынан бері жабысқан дертке, талан-таражға түскен байлықтың қазақ қоғамындағы сұраусыз жағдайына, аяқ астынан мемлекет қазынасына байып шыққан бай-бағландардың психологиясына назар аударып, жемқорлық пен ашкөзділіктің ұлттық менталитетке тигізген әсерін, яғни рухани тозған кейіпкерлер іс-әрекетін бағамдағаны сөзсіз. Автор бұл романында бүгінгі күн, өмір шындығынан ауытқымайды. Авторлық ұстанымын қаламгер роман барысында өзінің кейіпкері туралы авторлық баяндауларында жиі байқатады. Мысалы:

Роман кейіпкерлері де санаулы, мешкей Алыпхан және әйелі Бифатима мен оның бала-шағасы. Бұл автор таңдаған жанрлық ізденіске сай, антиутопиялық сарынның, жалпы антиутопияға тән тағы бір нәрсе-оқиғалар өтетін кеңістіктің шектеулілігінде жатса керек. Романдағы қозғалған мәселенің бірі - атеистік қоғамда өмір сүріп тәуелсіздік жылдарынан кейінгі жаппай дін мәселесіне бет бұрудың көріністері. Романның өне бойында қозғалмаса да, романның бір-екі жерінде сәтті детальдық штрихтар арқылы берілуінен аталған мәселеге немқұрайлы қараған қоғамның келбеті, шынайы діни сауатсыздықты түйреп өтеді.

Қорыта айтсақ, метафораланған ғаламның бейнесі (мешкей образынан) дегенге келсек, тоғышарлық пен бойкүйездік, рухани мәңгүрттік, бейопа жалғанның, жемқорлық, жебірлік жайлаған адами қоғамның дағдарысқа түскен келбеті өзінен-өзі айқын танылады. Жазушы бүгінгі қоғамның әлеуметтік астарын әшкерелеп, жаңа заманғы дертті абсурдтық деңгейге көтереді. Роман соңындағы мешкей Алыпханның қарынының жарылып өлуі де шарттылық, сол арқылы автор ашкөзділік, қанағатсыздық, тойымсыздық, мешкейліктің түбі жақсылыққа апармайтын салмағы ауыр екенін, саясат пен ақшаның жаңа заманның қазақи танымына өзгеріс әкелгенін (есірлік), тасыну, даңғазалық, құр мақтанишылық, кеудемсоқтық, жемқорлық болып жабысқан дерттің ешбір опа таптырмасынан сақтандырып отырғандай әсерде қалдырады. Бірақ ақыл айту, жалған мораль жоқ, оқырманды жиіркенішті деңгейдегі сезімге жетелейді. Автор өзінің ұлттық деңгейдегі авторлық позициясын жеткізуде антиутопиялық сарынға жүгіне отырып, оны шынайы өмірді сатиралық, яғни пародиялық тұрғыдан бейнелеудің бірден-бір құралы екенін меңгергенін айтуымыз қажет.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Қазақ әдебиеті тарихында прозада сатираның негізін қалаушылар кімдер?
2. «Мешкей» романын не үшін сатиралық романға жатқызамыз?
3. Алыпхан Арықбаевтың образының символикалық астарындағы түйінді мәселені таратып айтыңыз?
4. Автордың романдағы қолданған баяндау стилі қандай?

№ 11 дәрістің тақырыбы: Ә.Асқаров «Бір күн, бір түн» романындағы ирония, гротеск, сатира арқылы адами құндылықтардың саралануы

Мақсаты: Жазушының романын типологиялық тұрғыдан талдау, «Бір күн, бір түн» романындағы автордың субъективті танымы, «кейіпкер-баяндаушы» т.б. образдарына талдау

Қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Әлібек Асқаров өзіндік қаламгерлік стилі, сөз өрнегі қалыптасқан суреткер. Оның қаламынан туған әңгіме, хикаяттарынан бөлек, «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» атты романы әріптес-қаламгерлер, сыншы-ғалымдар, оқырмандар тарапынан әділ бағасын алды. Ал суреткердің «Бір күн, бір түн» романы да ХХІ ғасыр қазақ романының әдеби үдерісінен табылуға тиісті көркемдік әлемі өзінше бір бөлек шығарма десек артық айтқандық болмас. Көлемі жағынан алғанда шағын болғанымен, көркемдік жүгі салмақты туындыны роман десе де болады. Әрі жаңа заманауи баяндау стиліне әдеби ағым бағыттардың сілеміне бой алдыра отырып, реализм шеңберінде жазылған қаламгердің аталған туындысының алғашқы тақырыптық атауы да өзіне лайықты әрі өткен қоғамды, әрі бүгінгі кеңістіктегі адами болмыс мәселесін символикалық тұрғыдан терең суреттеген туынды роман жанрының үрдісінен шығады деген ойдамыз.

Бірінші жақтан баяндалатын шағын романның бас кейіпкері прапорицтің есімі де аталмайды. Романның тақырыптық арқауына «Мен» кейіпкердің төңірегіне құрылған кешегі өткен күн хикаясы, яғни кеңестік кезеңнің жалпы болмыс-бітімі ащы-мысқал, пародия, антиутопиялық үлгіде көркемдік шешім тапқан. Постмодернистік ойын элементтерін әдемі меңгерген қаламгер бірінші жақтық баяндау әдісін ұстанған. Мысалы: «Бағы жоққа тағы жоқ деген осы шығар... Құрысын бәрі! Мен оқудан құлап қалдым!», деп басталатын роман бір ғана «Мен» кейіпкер-баяндаушының шағын лирикалық шегіністерімен еске түсіру (формасымен) жетегімен және роман оқиғасының бір күн, бір түн шеңберіндегі кейіпкердің тап болған оқиғалары көз алдыңыздан өте шығады.

Романдағы уақыт пен кеңістік бір күн, бір түнді қамтыса да, автор еркін шығармашылық шеберлікпен үлкен ауқымды кеңістікті өткен балалық шақ, әскер қатарындағы екі жыл өмірі, бір жылдық прапорщик қызметіндегі көрген құйқайы (ұлттық кемсітушілік), өзі сияқты Нұртайдың басынан өткен хикаяттары, қала мен ауылдың тыныс-тіршілігі, кеңдік пен тарлық, адами қасиеттердің дағдарысы, ұрпақтардың адасуы, яғни ауыл адамдары мен қала адамдарының тіршіліктері, маскүнемдік, алаяқтық дейсің бе, тағы басқа толып жатқан жайттардың куәсі боласыз, жай ғана езу тарттырар иронияға беріле отырып, еріксіз әсер аласыз. Сол замандағы суреттелген құбылыстардың қазір де толастамағаны, әр кейіпкерді жанымыздан күнде көріп жүргендей әсерде боласыз. Қаламгер суреттеп отырған кешегі қоғамның адами келбеті мен бүгінгі замандағы адами тіршіліктің көзге көрінбесе де, көзі қырақты оқырман іштей үндестік байланысы барын сезінер еді. Автордың ұстанымы суреттеп отырған кешегі кеңестік қоғам болса да, бүгінгі қоғам болса да, «қоғам» деген түсініктің аясында өмір сүріп отырған сол адам дегенге саяды. Тек кешегі кейбір кеңестік идеологиялық заңдылықтар өзгергені болмаса, сол жақсылық пен жамандық, өтірік пен шындық, ақиқат пен жалғандық, жағымпаздық пен астамшылық, кемсітушілік сынды толып жатқан адамзат баласының бойынан табылатын ортақ мінез-құлық, характерлер сипаттамасының жалғастығын автор символикалық түрде жеткізеді.

Жалпы романның тақырыбы уақыт пен кеңістік тұрғысынан кешегі өткен кеңестік кезеңнің бейнесі, ондағы адам, ұлттық характерлер жүйесі, қазақи ортаның қалада қалыптаса бастауы, т.б мәселелерді сөз етсе де, бүгінгі заман адамы мәселесінен аулақ кетпейді.

Тіпті бүгінгі заман адамының келбетін ашық жеткізбесе де, пародиялық мысқылмен суреттеген туынды ретінде құнды болмақ.

Қорыта айтсақ, типологиялық тұрғыдан алғанда, Әлібек Асқаровтың «Бір күн, бір түн» романы - өткен күндер бояуына деген автордың субъективті танымы жоғары туынды. Өткен күндер хикаясын суреттесе де, бір ғана кейіпкер-баяндаушы төңірегіне бағындырылған жиынтық қоғамдық образ келбеті жасалынған жұмыр шығарма деп есептейміз.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1.Әлібек Асқаровтың «Бір күн, бір түн» романындағы өзін-өзі әжуалау әдісінің көркемдік қызметі қандай?*
- 2.Пародиялық мысқалдың авторға өткен күн мен бүгінгі күннің бояуын жеткізуде атқарып тұрған қызметі?*
- 3.«Бір күн, бір түн» романынның баяндау тәсілі қандай?*
- 4.Автор қолданған мақал-мәтелдер, метафоралық тіркестердің сатиралық образдарды ашуда атқарып тұрған қызметі?*

№ 12 дәрістің тақырыбы: Р. Отарбаевтың «Бас» романы тың ізденістік құбылыс

Мақсаты: Р.Отарбаев шығармашылығын саралау, «Бас» романының тақырыптық, идеялық сипатын, символикалық астарын талдау

Рахымжан Отарбаев жаңа заман әдебиетіне, оның ішінде проза және драматургия жанрында өзіндік дара қолтаңбасымен келген қаламгер. Оның қаламынан туған «Біздің жақтың амазонкалары» тағы басқа кітаптары қалың оқырман қауым арасында үлкен қызығушылық туғызды. «Бас» романы және соның желісінде жазылған пьесасы алғашқы рет түрік тілінде Түркияда жарық көрді. Ал қазақ тілінде кітап ретінде биыл Алматы қаласынан басылып шықты.

Қаламгердің кесек туындыларының бірі – «Бас» романы. Иа, романның тақырыптық атауы – «Бас». Қазақ тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістердің марғасқа көшбасшыларының қаншасының асыл сүйегі көмусіз айдалада қалды, қаншамасының денесінен басы кесіліп, тағдырлы аруаққа айналды. «Бас» романында аруақтарымыздың алдындағы ұлттық намысымызға үлкен сын болған қаралы кезеңдер суреттелген болатын.

Роман Махамбеттің қаңқа сүйегіне қарап, қазіргі Махамбеттің бет-пішінін жасаған антрополог ғалым Ноэль Шаяхметовтің шеберханада отырып, батыр ақынның ақсұңке бас сүйегімен тілдескен монологынан басталып, лирикалық шегіністерге ұласады.

Автор осы романында қазақ тарихының бұлыңғыр парақтарын жеткізуге үлес қосқан, бірақ сол кездегі саясат салқыны ұлттық дүниелердің шынайы ақиқатынаның ашылуына кедергілер келтіргенін суреттейді.

Романның сюжеттік желісіне тарихи тұлға, ұлт-азаттық көтерілістің басшыларының бірі – Махамбет Өтемісұлының зерттеуге алынған бас сүйегінің саясат салқынының салдарынан, жауапкершіліктің жоқтығынан, ұлттық құндылықтар, тарихи мұраларға деген сол кездегі салғырттықтың салдарынан ескерусіз қалуы, жоғалып кету қаупі орын алғанда Құрақ Амангелдіұлы (өмірдегі есімі) ақсақалдардың араласуымен елге қайтарылып, жерленіп, батыр рухының жай табуы шығармаға арқау болған.

Автордың тілдік қолданысындағы заман суретін, адамдар образдарын бейнелеудегі ащы шындықты тіліп түсірер өткірлігі, көркемдеп жеткізу арқылы астарлы ұғымдарды бере білетін өзіндік ерекшелігін байқаймыз. Прозадағы метафора, теңеу, символика, сатиралық суреттеулердің бәрі автордың жалпы прозасына тән ортақ арнаны танытады. Тіпті романның тақырыптық атауының өзін «Бас» деп алуынан-ақ әлеуметтік резонанс туғызуының өзі авторлық болмыстан хабар бергендей. Авторлық афоризмдерге ұласардай түйінді ойларын да анық байқауға болады.

Қорыта айтсақ, Р.Отарбаевтың «Бас» романы тарихи трагизмді суреттеуде біршама табысты болған көркем туынды. «Бас» қазақ ұлтының көшбасшыларынан айырылып, небір алмағайып замандарда жоғалып барып табылған, денесімен қосып жерленген Махамбеттің арғы жағында қазақ деген тұтас ұлттың тұрғанын айғақтайтын әлеуметтік символикалық жүгі ауыр шығарма десек, артық болмас.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1.Р.Отарбаевтың «Бас» романы тақырыптық идеялық сипатының астаныдағы символикалық мәні?*
- 2.Романның басты образдары кімдер?*
- 3.Романның оқиғасы орын алатын хронотоптық мекен-шақ?*
- 4.Романдағы тарихи кезең шындығының көркемдік берілу жолдары мен авторлық ізденістің көріністері?*
- 5.Романның авторлық идеялық мәні?*

№ 13 дәрістің тақырыбы: Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» (2013) шағын романындағы сюрреализм сілемдері

Мақсаты: Сәуле Досжанның сюрреалистік романын оқу, талдау.

Қаламгер Сәуле Досжан 1959 жылы 2 қыркүйекте Алматы облысында дүниеге келген. 1987 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, 2006 жылы Орталық Азия университетінің заң факультетін бітірген.

Қаламгер әдебиет, мәдениет саласындағы бірнеше жылдық еңбегі үшін 2015 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері атағымен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Қазақ әдебиетінің поэзия, проза сынды қос жанрында қалам тербеп жүрген қаламгердің шығармалары орыс, испан, неміс. Қытай, ағылшын, араб тілі сияқты әлемнің бірнеше тіліне аударылған.

Жаңа заман әдебиеті, проза сериясымен шыққан Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» (2013) шағын романы дәстүрлі баяндау стилінде және сюрреализм сілемдеріне құрылған, заманауи үлгідегі туынды екендігін танытады.

Роман «Қарқаралының ортасында қараша тамдардан салтанаты өзгеше қос қабатты, сыртын ағаш шарбақпен әсемдеп қоршаған үлкен үйдің қақпасы құпиялау дыбыспен қағылды...»[44,3], - деп басталатын сол үйдің ғасырдан астам өмірінен сыр шертіп, ай толып туғанда кезіп жүретін елестің құпиясын ашады.

Роман тақырыбына өзек болған авторлық идея бірнеше ғасырлық тарихы бар Қарқара өңіріндегі ескі үй төңірегінде өрбиді. Бұл үйдің иесі татар байы – Акметов. Ол сонау орыс отаршылдығы кезінде бастау алған қазақ даласына ағылған орыс, казак, олармен бірге сауда-саттықпен келген татар көпестерінің бірі. Үлкен үй XIX ғасырда салынып, үлкен Акметовтен кіші Акметов ұлы Арсланға ата-бабадан мұраға қалады. Туынды алмағайып замандарда байларды тәркілеу кезінде өз еліне амалсыздан қашуға мәжбүр болған Арсланның тағдыры, елден кетпей, ен байлық үш қабатты үй, жиһаз-мүлікке ие болып қалам деп дүниеқоңыздыққа салынып, қалып қойған тоқалы Хадишаның қызыл әскер Төрегелдінің етегінен ұстауы баяндалады. Роман ел тыныштығы орнаған кезде Арсланның әйелі мен баласын алып кетуге оралуымен басталады. Арсланды алтынға, ақшаға қызығып Төрегелді мен тоқалы Хадишаның опасыздық жасап, оны балтамен шауып өлтіріп, сол үйдің құпия жертөлесіне көміп тастайды. Шығармада Арсланның ақ жуып аруланып көмілмеген аруағы елес боп үйді кезіп жүретіні, сұлу әйел затына деген өшпенділігі суреттеледі. Бұл үйді қоныстанған бірнеше отбасымен бірге, сол үйдегі Акметов байдың ұлы Арсланның елесі бірге өмір сүреді. Көркем шығармада бірнеше өлім болған үйдің қарғысқа ұшыраған деген түсінікке саятын авторлық идеясы аруақтарды қорлау деген танымдарға, қазіргі имандылыққа бет бұрған заманға лайық жазылғаны анық.

Роман тақырыбына арқау болған уақыт пен кеңістік әдебиетімізде, әсірсе, тәуелсіздік алған жылдардан кейін ерекше қозғалған тақырыптардың бірі - кеңес үкіметінің орнауы мен 1937 жылғы жаппай қуғын-сүргін уақыты мен тәуелсіздік жылдар аралығын қамтиды. Сол тарихи уақытқа куә – Үлкен үй. Бірақ роман өткен тарихи кезеңдік тақырыптарды қозғаған романдардан мүлдем өзгеше болмыс-бітімімен ерекшеленеді. Шығарманың сонау өткен ғасырдағы 20 жылдардан бергі 37 жылдың ойранын жазған тақырыптағы романдарынан ерекшелігі, тақырып атауының өзі оқырманын қызықтырып өзіне тартады, әрі дәстүрлі баяндау стилін пайдалана отырып, сондай-ақ жаңа заманауи әдеби ағымдардың әдістерін игергені романның жанрлық құрылымында жоғарыда аталған елес-үреймен тығыз байланысты көрінетін психологизм, сюрреализмдік жаңашылдығынан байқалады.

Романда кейіпкерлердің сандырақтап түрлі түстер мен елесті көруі арқылы оқырмандардың санасына үрей мен қорқыныш енгізугет ырысады. Бұл сюрреалистік шығармаларға тән стильдік бояу.

С.Досжанның бұл шағын романының көтерер жүгі салмақты. Шығарма өзегінде жатқан мәселе қоғам трагедиясына, адам қолымен жасалған қараниеттілігіне деген жаратқанның жіберген зауалы, қазақ халқының ежелден бергі ұғым түсініктері «Әруақ аттағанның оңбайды», «өлі аруақ риза болмай, тірі баймайды» деген қағидаттардың аяққа тапталып, имансыздықтың орын алуын меңзеп отыр.

Қорыта айтсақ, Сәуле Досжанның сюрреалистік сипаты басым романын (роман-триллер деп атауға толық негіз бар) оқи отырып, қорқыныш пен үрей арқылышындық пен өтірік, ізгілік пен қиянат, тәуелсіздік пен бодандық сынды қоғамдағы орыналатын жайлардан хабар беріп, небір қиямет қайым күн туса да, адам баласын сабыр мен имани дүниеден аттамауға шақырады. Автордың ХХІ ғасырдағы өркениетті қоғамда адам баласының ашылмаған тылсым құпиясын ашуға ұмтылған көркем әдебиеттегі гуманистік ізденіс қадамы дер едік.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1.«Үлкен үйдегі үрей» (2013) шағын романының мистикалық сипатының астаныдағы символикалық мәні?*
- 2.Романның басты образдары кімдер?*
- 3.Романның оқиғасы орын алатын хронотоптық мекен-шақ?*
- 4.Романдағы тарихи кезең шындығының көркемдік берілу жолдары мен авторлық ізденістің көріністері?*
- 5.Романдағы бәйбіше мен тоқал арасында тартыстың шешімі?*
- 6.Романның айтыр идеялық мәні неде? Авторлық шешім мен дүниетаным құндылықтарын қалай бағалауға болады?*

№14 дәрістің тақырыбы: Ж. Қорғасбектің «Көкжалдар», роман-тәмсіліндегі өткір, әлеуметтік көкжал мәселелер, жаңашыл үрдістер

Мақсаты: Жүсіпбек Қорғасбектің шығармашылығын талдау, «Көкжалдар» романын оқу, роман-тәмсілі терминіне анықтама беру, қазіргі әдебиеттану ғылымындағы романдардың түрлік даму сипаты анықтау

Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, прозашы Жүсіпбек Қорғасбек 1961 жылы 6 ақпанда Алматы облысының Әулиеағаш ауылында туған.

Әдебиеттегі алғашқы қадамы 1985 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Көілдір керуен» атты әңгімелер жинағынан басталды. 1995 жылы «Жансебіл» атты повестер мен әңгімелер топтамасы жарық көрді. Жансебіл кітабының негізінде түсірілген осы аттас көркемфильм киносценарийінің авторы.

Қарымды қаламгер ретінде қалыптасып қалған Жүсіпбек Қорғасбек күрделі роман жанрына да қалам тербеп, «Үнілдек», «Көкжалдар» роман-тәмсілдерінде қазіргі прозадағы жаңашылдық бағыттарынды айқын көрсетті. Қазіргі прозадағы постмодернизм тенденциясын қаламгер романдарынан анық байқаймыз.

Жүсіпбек Қорғасбектің тағы бір "Көкжалдар" кітабына енген кітаппен тақырыптас романының «Көкжалдар» деген астарлы символикалық атауының өзі оқырманға қызығушылық тудырады.

Қаламгердің бұл "Көкжалдар" романының тақырыптық проблематикасы - адамзат баласының сенімді жоғалтуы, имандылық, ар-ождан мәселесі. Туындының тақырыптық проблемасы бүгінгі өзекті әлеуметтік мәселелерді көтереді. Атап айтсақ, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардан қол үзу, нашақорлық пен маскүнемдік, зинақорлық, имандылықтан аттау, ата-бабалар рухын қорлау, жер сату, желтоқсан зардаптары, оралмандар мәселесі т.б. бүгінгі өткір проблемалар сөз болады. Бірақ автор аталған тақырыптық мәселелерді көтеруде көне дәуір аңыздарды, архетивтік образдарды авторлық тұрғыдан өзінше өңдеп сөйлету арқылы жанама мағына үстей отырып, оқырманында да көркемдік шығармашылық ойлауға жетелейді. Мысалы, "Көкжалдардағы" көкжал қасқырдың әрбір сюжеттік оқиғада роман кейіпкерлерінің алдында өң мен түс аралығында көрініп, үрей туғызып, сол арқылы жол сілтеуін көкбөрі аңыздарының сілемі байқалады. Ұрпақ тәрбиесіндегі олқылықтың салдары жалғыз ұлдың әкесінен, әкесінің ұлынан жатсынуына әкелді. Нашақор, маскүнем ұлдың әкесін таудың арасына жаяу тастап кетеді. Сол уақыт аралығында таудай кісінің бүкіл ғұмыры көз алдынан өтеді. Отбасындағы ұрпақ тәрбиесі, елдің қиын-қыстау кезеңдеріндегі саяси жүйенің ойыншығына, қолишоқпарына айналып адасуы, отбасындағы жалғыз баланың теріс жолға түсуі, жап-жас қызбен көңіл жарастырып, тоқал сүю, ақыр соңы романның бас кейіпкерінің аяқ асты түкке тұрғысыз аянышты өліммен өмірінің тұйықталуы бәрі-бәрі шынайы жеткізіледі. Романдағы әрбір кейіпкердің ішкі әлемі жабырқау, жалғызсыраған жандар. Тіршіліктің мағынасыздығынан қажызған жандар, иа болмаса, барды көтере алмай, астамшылықтан адами пендешілікке бой алдырған жандар.

Қаламгердің әрбір кейіпкері ішкі рухани жандүниесі аласапыран күй кешкен, әртүрлі әлеуметтік мәселелерден қажызған кішкене адамдар. Автордың өзіндік суреттеуіндегі ерекшелік, ең алдымен, бас кейіпкерлерін де, жанама тұлғаларды есімдерімен атамай, сыртқы тұлғалық бейнесіндегі ерекше бір белгілерін негізге ала отырып, кейіпкерлерінің ішкі характері мен тұр-тұлғасына ден қоюынан көрінеді. Мысалы, «Көкжалдар» романындағы таудай кісі (Таубай), «Креши» хикаятындағы күлімкөз төрт бақ кісі, оның әйелі құбақоңыр келіншек, сары бала, «Өнер» әңгімесіндегі Шойқара т.б. атауға болады.

Екіншіден, табиғат пен адамзат баласының ішкіжандүние сезіміндегі неше алуан күйлерді егіздей отырып суреттеу, аңыздық, архетивтік бейнелерді, мистикалық негіздерді көркем шығарманың негізіне тігісін жатқыза отырып, авторлық ойды жеткізуде шебер пайдалана білуінде дер едік. Мысалы, «Көкжалдар» романының прологіндегі қараңғы түндегі көкжал қасқырларды суреттеуден бастауы шынымен де көкжал қасқырлар туралы ма деген ойға жетелейді.

Жалпы аталған кітаптағы авторлық ізденістің негізгі проблематикасы адам баласының еркінен тыс жаратушы күштің бар екеніне илану, адам баласының қателіктері мен ізгілікті іс-әрекеттерінің сұрауына жауап беретін бір қиямет қайым күннің сауалына жауап іздегендей. "Креши" хикаятындағы сақалы қауғадай шалдың қазақ даласында жүруі бүгінгі қазақ даласындағы діни наным-сенімдердің топан тасқынын, келімсектер иеленген ен байлықтың қолды болуы, қара өгіз боп тау-тасты қорыған киені көкірек көзімен көруші аңшының сөзін сөйлейтін көзі ашық көкірегі ояу адамның болмауын меңзегендей күйде қалдырады.

Мысалы, «Әлгі құп-қу сопақша жүзді, қардай аппақ сақалды, еңсегей бойлы сары шал көз алдына келді. Тауда жүрсе де үстінен ұзын қара киімін тастамайды. Қайдан келді, неғып жүр, сұрап жатқан жан баласы жоқ. Осындай да дүниеден баз кешкен адамдар болады деп естіген. Ол қаңғыбас болса қаңғыбас шығар, бірақ оның кім екенін сұрамайтындай бұлар неғылған бейғам халық деген сұрақ тумай ма енді. Күлімкөз төртбақ кісі басында таңырқап жүрген, артынан «мен пәленшекеңмін» деп бір жөнін айтып кетпегені намысына тиді. Ата-бабасынан қалған жер құсатып, ай-шайға қарамай жайғасты да алды». Жай қарапайым даладағы аңшының жер мәселесі туралы қарапайым толғануы авторлық идеяның өзегінен туындап отырған бүгінгі саяси-әлеуметтік өзекті мәселе екені ақиқат.

Түйіндеп айтсақ, автор шығармаларының қай-қайсы болмасын оқиганың ширақтығы мен өмірлік мәселенің қысқа да нұсқа, көркемдік тұрғыдан шешім табуы кино картиналарына сұранып тұрғандай әсерде қалдырады. Себебі автор қысқа-қысқа суреттей отырып, шұбалаңқы ойдан гөрі, кейіпкердің жандүниесіндегі жанайқайын беруге бейім. Табиғат, адам, қоғамның тыныс-тіршілігін түйіндеуде басы артық дүниелерден гөрі, көне түркілік негіздер, аңыздардан, имандылық қағидаттарынан шешім іздеуге итермелейді.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Жүсіпбек Қорғасбектің «Көкжалдар» романын не үшін роман-тәмсілі деген терминдік атаулармен берген? Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы романдардың түрлік даму сипатынан мысалдар келтіріңіз?
2. Романның постмодернистік сипатын байқататын белгілерді көрсетіңіз?
3. "Көкжалдар" романының тақырыптық проблематикасы, бүгінгі өзекті әлеуметтік мәселелердің көркемдік тұрғыдан игеріліп, шешім табуы?
4. Автордың бас кейіпкерлерінің сыртқы тұлғасы, ішкі характері мен түр-тұлғасына суреттеудегі өзіндік стильдік ерекшеліктері?
5. Автор романдарындағы ұрпақ тәрбиесі, ұлттық құндылықтар, т.б. бүгінгі өткір проблемалардың көркемдік шешімі мен авторлық түйіннің берілуі жолдарын көрсетіңіз?
6. Автордың тіл қолданысындағы өзіндік ерекшеліктері? Романдағы адамның жандүниесі, табиғат пен адамның бір-бірін аңдысқан ішкі жандүниесіндегі арпалыстардың көркемдік қабаты? Мысалдармен дәлелдеңіз.
7. Қаламгер романынан байқалатын интерпретациялық құбылыстар?

№ 15 дәрістің тақырыбы: А. Әлменбеттің «Мимырт» (2013), Дархан Бейсенбекұлының «Қылтұсау» (2015) романдарындағы тақырыптық, жанрлық ізденістеріндегі типологиялық ұқсастық, замана үні

Мақсаты: А. Әлменбеттің «Мимырт», Д. Бейсенбекұлының «Қылтұсау» романының тақырыбын, қазіргі қоғамдағы қазақ жастарының тағдыры т.б. мәселелерді көркем әдебиет арқылы ашып көрсету

Арман Әлменбеттің «Мимырт» романы қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған заманның тыныс-тіршілігін дөп басып жеткізген қарапайымдылығымен бірден байқалады. Роман 123 беттен, «Бәс», «Уәде», «Шимай» деген үш тараудан тұрады. Романның сюжеттік желісінде қазіргі қоғамдағы үй-күйсіз қаңғыбастыққа салынған Морж, қорғанышы жоқ, күн көріс қамымен жүрген Наяхан, Зияда сынды кейіпкерлер, сондай-ақ заманының ыңғайына икемделіп, ақша, мал табудың жолын әбден игерген, олар үшін қорғансыздардың құны бес тиын, бәрін ақша, таныс-тамыр арқылы шешу, белден басу, адами құндылықтар өлиемін пұлмен таразылайтын қазіргі қоғамның нақ өкілдері Күресбек, Сырым образдары, осыларға қарсы әділетсіз қоғамда әділдік орнатуды көздеген Ерден Әбішев сияқты бірлі-жарым қаһармандар, заңсыздық пен әділдік жолында, кімнің ығына жығылу қажет деп өз ойымен жүрген Мерей сынды құқық қорғау қызметкерлерінің образдары бәрі-бәрі типтендірілген бүгінгі қоғамда арамызда жүрген қоғам мүшелері екені даусыз. Қаламгер романы өзіміз тірлік кешіп отырған қоғам мүшелерінің (қаңғыбас, бич, ұры-қары, алаяқ, қанішер, нашақор т.б.), әсіре қызыл бояусыз берілген образдары арқылы шынайы қоғам келбетін сомдай білуінде деп ұғынғанымыз жөн.

Автор көтерген мәселе - адамды қоғамның, ортаның жатсынуы. Міне, жазушы қоғамның осы шындығын алдымызға көлденең тартады. Автор аталған кейіпкерлердің тағдырын тәптіштеп, асыра баяндамайды. Жалпы, Арман Әлменбет романында кейіпкерлер портретін көркемдеп жеткізу, табиғат құбылыстарын сурттеуден гөрі, диалогтар арқылы сөйлеу әрекеті үстінде кейіпкерлерінің характерін беру тәсілі жиі қолданылған.

Д. Бейсенбекұлының «Қылтұсау» романының тақырыбы қазақ жастарының тағдырына арналады. Бүгінгі қатал қоғамдағы жастардың тағдыр-талайы, өмір сүру дағдылары сөз болып, Қазақстанның қазіргі заман келбетін натуралистік элементтермен сипаттайды. Романдағы қазақ жастарының тағдыры екі желіде өрбиді. Сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шет елдік отбасы асырып алған, өз тілі мен салт-дәстүрінен ажырап қалған жат жұрттық болған Бадди-Батыр және өз еліміздегі қазіргі жастардың тағдыры Ғабит, Әмір, Тамшы, Сафура сынды кейіпкерлер арқылы қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік мәселелер, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың дағдарысы суреттеледі.

Жаңа заман авторы ретінде, жаңа ғасыр – жаңа кезеңнің әдебиеті өзіне дейінгі мән берілмеген мүмкіншіліктер мен жаңа мағынадағы тақырыпқа иек артып, қазақ әдебиеті тарихында роман жанрында (поэзияда жиі ұшырасады) алғаш рет шетел асқан қара көз қазақтың ұрпағы туралы, жесірін жылатпаған, жетімін қаңғыртпаған кешегі ата-бабаларымыздың бүгінгі ұрпақтарының тіршіліктерін көтеріп отырғанын айтуымыз керек.

Автор жаһандық деңгейдегі оқиғаларды суреттейді. Америка жастары мен қазақ жастарының өмір сүру салттары паралельді түрде суреттелген роман шым-шытырық оқиға желісіне құрылып, жастардың лабиринтті түйіні көрінбейтін тіршіліктері екі құрлықта Америка және Евразия құрлығында өтеді. Автор аталған туындысы арқылы өзге мәдениет, жат ұлттық менталитетке бейімделген, шетел асқан қазақ ұландары мен қара көздері жетімдердің тағдыр-тауқыметіне көңіл аударып, елге оралса екен деген авторлық қиялдан туған көркем шарттылыққа баруы өте орынды тәрізді. Себебі не бәрі он миллионнан сәл-ақ асатын қазақ ұлтын шетелдік ассимиляцияға түсіру ұлттың тамырына балта шабу екенін ұғындырады.

Қорыта айтсақ, жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетіндегі роман жанрының даму тенденциясы туралы сөз қозғасақ, кешегі кәсіби әдебиет алыптарымен бірге жаңа заманның жас толқын қаламгерлерінің де жаппай болмаса да, жарық көрген, оқырманға жол тартқан, бірақ әдеби сын айналымында өз бағасын алып үлгермеген бірді-екілі романдарын атап өткен орынды болар еді. Заманауи нақ өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы адам тұлғасын көркем образ деңгейінде суреттеп, заман келбетін бейлеудегі жас толқын қаламгердің талпынысы көңіл қуантады. Романдардағы оқиға желісі қылмыс әлемінің негізінде құрылуы криминалистика кино сценарийлерді еске түсіреді. Сондай-ақ, заманауи роман жанрының құрылымына түрлі анимация, криминал, триллер т.б. кино өнері саласына қатысты элементтердің кірігу тенденциясы анық байқалады.

Қаламгерлер шағын романдарында заманауи тақырыптарды қозғап, қазіргі жастардың адасушылықтары мен еркінен тыс тағдыр салған адасудың себеп-салдарын(шетел асқан жетімдер) іздей отырып, ұлттық тек-тұғырымыздан ажырау, келешек ұрпақтың өсіп-өркендеуі сынды мәселелерге алаңдаушылық көрініс тауып, әдеби кейіпкерлер арқылы қатал қоғамдағы қазақ жастарының мойынындағы қылтұсау болашақ ұлттың мойына түскен қылтұсау болмасын деген болжамды ұстанымдарын жеткізудегі көркемдік ізденіс, талпыныс қадамдары аңғарылады.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1.Қазіргі романдардың шағын көлемге ұласуының кейбір факторларын атаңыз?
- 2.Роман оқигасы неше сюжеттік линия арқылы дамиды, оларды байланыстырушы негізгі фактор?
- 3.«Мимырт» романын детективтік үлгі деп бағалауға бола ма, болса, қандай белгілер арқылы бағалаймыз?
- 4.Әлеуметтік-тұрмыстық мәселе романда қандай образдардың деңгейінде ашылған?
- 5.Романның «Мимырт» деген символикалық мәнінің көркемдік қызметі?
- 6.Романдағы кейіпкерлердің өмірлік прототиптері туралы айтар ойыңыз?
- 7.Дархан Бейсенбекұлының «Қылтұсау» романындағы Ричард, Бадди, Норман, Фрэнк сынды америка жастары мен Ғабит, Әмір, Тамшы, Айару, Бек, Марат сынды қазақ жастарының өмір сүру құндылықтары қалай суреттелген?
- 8.Романның негізгі айтар ойы, авторлық тұжырымы қандай?
- 9.Романның қылмыстық әлеммен байланысты суреттеулерін бүгінгі заман шындығын жеткізедегі авторлық ұстаным деп бағалауға бола ма?
- 10.Романда кездесін криминалды топтың серкелерінен кімдер аталады?
- 11.Романдағы махаббат мәселесі қалай суреттеледі?
- 12.Жастар арасындағы Отан, туган жер, адамгершілік сынды құндылықтардың көркемдік шешіміне көңіліңіз тола ма?